

Ертіс ауданы Ертіс ауылының Заготскот көшесін қайта атау туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Ертіс ауылы әкімінің 2019 жылғы 25 қазандағы № 1-03-14 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 қазанда № 6583 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Ертіс ауданының Ертіс ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 23 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ертіс ауданы Ертіс ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Ертіс ауылының "Заготскот" көшесі "Кендала" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылы әкімі

К. Бельгубаев